

Маңғыстау аудандық мәслихатының 2016 жылғы 21 қазандағы № 5/52 "Маңғыстау ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Маңғыстау облысы Маңғыстау аудандық мәслихатының 2019 жылғы 6 қарашадағы № 32/357 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2019 жылғы 11 қарашада № 4020 болып тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Маңғыстау аудандық мәслихатының 16 сәуірде 2024 жылғы № 11/84 шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Маңғыстау аудандық мәслихатының 16.04.2024 № 11/84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Зандарына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 3 маусымдағы № 445 "Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 11745 болып тіркелген) сәйкес, Маңғыстау аудандық мәслихат ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:

1. "Маңғыстау ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Маңғыстау аудандық мәслихатының 2016 жылғы 21 қазандағы № 5/52 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3176 болып тіркелген, 2016 жылғы 16 қарашада "Әділет" акпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) келесідей өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

Маңғыстау ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларында:

3 тармақтың 8) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"8) әлеуметтік көмек тағайындау және төлеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган – "Маңғыстау аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және

азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – уәкілетті орган);";

26 тармақ жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"26. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру "Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек" бюджеттік бағдарламасы бойынша, ағымдағы қаржы жылына Маңғыстау аудандық бюджетімен қарастырылған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу әлеуметтік көмек беруге уәкілетті органдар арқылы , әлеуметтік көмекті тағайындауға уәкілетті ұйымдармен жүзеге асырылады.";

26-1 тармақшамен толықтырылсын:

"26-1. Уәкілетті органның бекіткен тізімі бойынша азық-түлік бағасының қымбаттауына байланысты бір жолғы 100 (жүз) мың теңге мөлшерінде көрсетілетін әлеуметтік көмек тек мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын, бірге тұратын кәмелетке толмаған төрт және оданда көп балалары, оның ішінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар көпбалалы отбасыларға беріледі".

2. "Маңғыстау аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі ( аппарат басшысы Е. Қалиев) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е. Махмутовқа жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

С.Заханов

Маңғыстау аудандық Мәслихатының хатшысы

А. Сарбалаев